

Республикалық бюджеттен қаражат бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 28 қыркүйек N 1470.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.07. N 364 қаулысымен. ~P000364

Ақтөбе облысының аудан орталығы Ойыл селосының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен:

Ақтөбе облысының әкіміне аудан орталығы Ойыл селосында су таратушының құрылысын салу үшін 1999 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға көзделген қаражаттың есебінен 10 (он) миллион теңге бөлсін;
бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

2. Ақтөбе облысының әкімі 1999 жылдың ІҮ тоқсанының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп ұсынсын.

3. Қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі